

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 62 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 63 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 5 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5665 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 27 тамыздағы № 167 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014.08.27 № 167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз.

Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Агенттік Басқармасының "Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандығы N 62 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4175 тіркелген) Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін енгізу ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандығы N 62 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 12 тамыздағы N 148 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4365 тіркелген), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандығы N 62 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 23 ақпандығы N 36 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4599 тіркелген, 2007 жылғы наурыз-сәуірде

Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 28 мамырдағы N 155 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4803 тіркелген, 2007 жылғы мамыр-шілдеде Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 62 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 25 маусымдағы N 172 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4842 тіркелген), Агенттік Басқармасының "Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 62 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2008 жылғы 28 наурыздағы N 39 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5218 тіркелген), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 62 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 237 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5541 тіркелген, 2009 жылғы 6 наурызда "Зан газеті" газетінде N 35 (1458) санында жарияланған) енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі - белгілі бір күнге бағалы қағаздарды ұстаушылар туралы және осы ұстаушыларды бірегейлендіруге мүмкіндік жасайтын мәліметтердің жиынтығы, сондай-ақ оларға тиесілі бағалы қағаздардың түрі және саны;

2) бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шоты – тізілім жүйесінде бағалы қағаздардың меншік иесі және (немесе) орталық депозитарий болып табылатын тіркелген тұлғаға ашылған, мәмілелерді тіркеу мен эмиссиялық бағалы қағаздар

бойынша мәмілелерді есепке алу жүзеге асырылатын жеке шот;

3) жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған эмитенттің жеке шоты - эмитентке тізілімдер жүйесінде ашылған, орналастырылмаған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу жүзеге асырылатын жеке шот;

4) жеке шоттардың бірыңғай жүйесі - жүргізілуін тіркеушілер жүзеге асыратын, бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі мәліметтердің жиынтығын көрсететін, орталық депозитарий қалыптастырған деректер базасы;

5) исламдық бағалы қағаздар – исламдық жалға беру сертификаттары мен исламдық қатысу сертификаттары;

6) операциялық күн - тіркеушінің бұйрықтарды қабылдайтын, өндейтін, жеке шоттар бойынша операциялар мен ақпараттық операцияларды тіркейтін уақыт кезеңі ;

7) оригиналатор – исламдық арнайы қаржы компаниясының активтерін сатып алу-сату шарты негізінде беретін және (немесе) исламдық арнайы қаржы компаниясының құрылтайшылары болып табылатын, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлесінің) жуз пайзы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі (ұлттық басқарушы холдингтің келісімі бар болғанда) ислам банкі, ұлттық холдинг, ұлттық басқарушы холдинг, заңды тұлғалар;

8) ортақ өкілдің жеке шоты - тізілімдер жүйесіндегі ортақ меншікке қатысушыларының ортақ өкіліне ашылған жеке шот, ол бойынша меншіктеу құқығымен бірнеше тұлғага тиесілі бағалы қағаздарды есепке алу жүзеге асырылады ;

9) пайлық инвестициялық қордың пайларды орналастыруды есепке алуға арналған жеке шоты - тізілімдер жүйесіндегі жеке шот, ол бойынша айналыста болып табылатын пайлық инвестициялық қордың орналастырылған пайларының санын есепке алу жүзеге асырылады;

10) сатып алған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған эмитенттің жеке шоты - эмитентке тізілімдер жүйесінде ашылған, қайталама бағалы қағаздар нарығында эмитент сатып алған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу жүзеге асырылатын жеке шот ;

11) тізілімдер жүйесіндегі операция - тізілімдер жүйесіне деректер енгізу немесе оларды өзгерту және (немесе) тізілімдер жүйесінен ақпарат дайындау және беру нәтижесі болып табылатын тіркеушінің іс-эрекеттерінің жиынтығы;

12) уәкілетті орган - бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.";

5-тармақтың 6) тармақшасы "облигацияларды" деген сөзден кейін ", исламдық бағалы қағаздарды" деген тыныс белгісімен және сөздермен толықтырылсын ;

8 - т а р м а қ :

5) тармақша "облигациялардың" деген сөзден кейін "(исламдық бағалы қағаздардың)" деген сөздермен толықтырылсын;

6) тармақша "облигациялардың" деген сөзден кейін "(исламдық бағалы қағаздардың)" деген сөздермен толықтырылсын;

7) тармақша "облигацияларды" деген сөзден кейін ", исламдық бағалы қағаздарды" деген тыныс белгісімен және сөздермен толықтырылсын;

4 2 - т а р м а қ :

"Облигацияларды", "облигациялар" деген сөздерден кейін "(исламдық бағалы қағаздарды)" деген сөздермен толықтырылсын;

"аудару операциясын эмитенттің" деген сөздерден кейін "(оригинатордың)" деген сөзбен толықтырылсын;

49-тармақтың 5) тармақшасы "облигацияларды" деген сөзден кейін "(исламдық бағалы қағаздарды)" деген сөздермен толықтырылсын;

4-қосымшаның екінші кестесінің бесінші бағанасы мынадай редакцияда жазылсын:

"

Облигацияларды (исламдық бағалы қағаздарды) өтеу күні

"

2. 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының сегізінші абзацын қоспағанда осы қаулы Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (М.Ж.Хаджиева):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастан он күндік мерзімде оны Агенттіктің мұдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастыры" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жеткізсін.

4. Агенттік Төрайымының Қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға а л с ы н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.О. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК